

Түргенбай А.А.,
Оразбекова Г.Р.

**Қазіргі кезеңдегі Жапония мен
Қытайдағы саяси
модернизация және
оның ерекшеліктері**

Мақалада Қытай мен Жапониядағы саяси модернизация үрдісінің даму ерекшелігіне, оның дәстүрлі және қазіргі заманғы элементтердің өзара әрекеттесуі негізінде жүргізілгендігі қарастырылады. Авторлар дәстүрлі конфуцийшілдік идеялардың Қытай мен Жапонияның саяси өмірінде сақталу деңгейіне және осы мемлекеттердегі саяси модернизация үрдісінде конфуцийшілдік дүниетанымның рөліне сараптама жасаған. Осы елдердегі саяси модернизация дәстүрлер мен инновациялардың арақатынасының барынша оңтайлы баламасы табылды дегуге болады, бұл тәжірибені зерттеу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияның көптеген елдері үшін тиімді болады, тіпті тарихи тағдырлары мен қазіргі заманғы мәселелері арасындағы нақты айырмашылықтары бар болғанына қарамастан қазіргі Қазақстан үшін де пайдалы болмақ.

Түйін сөздер: саяси модернизация, дәстүрлі қоғам, конфуцийшілдік құндылықтар, саяси мәдениет.

Turgenbay A., Orazbekova G.

**The political modernization and
its features in modern
China and Japan**

This article examines the main characteristics of political modernization development in China and Japan as a base of its traditional and modern elements interaction in these countries. The authors made an analysis to the preservation level of Confucian ideas in the political life of China and Japan, and studied the role of Confucian ideology in political modernization development of above-mentioned countries.

The political modernization in these countries can be considered as the most acceptable alternative to the correlation between the traditions and innovations; therefore, studying this experience will be advantageous for South and Southeast Asian countries, there also could be some useful aspects even for modern Kazakhstan in spite of their specific differences in historical development and contemporary problems.

Key words: political modernization, traditional society, confucian's values, political culture.

Түргенбай А.А.,
Оразбекова Г.Р.

**Политическая модернизация и
его особенности в современном
Китае и Японии**

В данной статье авторы рассматривают основные характеристики развития политической модернизации в Китае и Японии в качестве базы его взаимодействия традиционных и современных элементов в этих странах. Сделали анализ на уровне сохранения конфуцианских идей в политической жизни Китая и Японии, а также изучили роль конфуцианской идеологии в развитии политической модернизации вышеуказанных стран.

По мнению авторов, политическую модернизацию в этих странах можно рассматривать как наиболее приемлемую альтернативу к корреляции между традициями и инновациями. Поэтому этот опыт будет выгоден для Южной и Юго-Восточной Азии, также для современного Казахстана, несмотря на специфические различия в историческом развитии и современных проблем.

Ключевые слова: политическая модернизация, традиционное общество, политическая культура, конфуцианские ценности.

**ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ
ЖАПОНИЯ МЕН
ҚЫТАЙДАҒЫ
САЯСИ
МОДЕРНИЗАЦИЯ
ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Саяси модернизация теориялары – ХХ ғ. 50-60 ж. қоғамдық-тарихи даму теорияларының бір бағыты ретінде қалыптасты. Бұл теорияның басты белгісі – универсалдық, яғни, қоғам дамуын барлық елдер мен халықтар үшін ортақ заңдылықтары мен кезеңдері бар жалпы (универсалды) процесс ретінде қарастыру. Модернизация теориясындағы либералдық бағытты зерттеушілер (Р.Даль, Г.Алмонд, Л.Пай) саяси модернизацияның мақсатын үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік және саяси талаптармен жұмыс істей алатын институттардың қалыптасуынан көреді.

Либералдық бағыт үшін саяси модернизацияның негізгі белгісі – азаматтардың саяси араласуының деңгейі мен әртүрлі топтардың, саяси жетекшілердің ашық саяси бәсекелесуінің алғышарты. Модернизация теориясындағы консервативтік бағыт өкілдері (С. Хантингтон, Дж. Нельсон) модернизацияның негізгі көзі деп саяси өмірге араласатын бұқара халық күресін үнемі өзгертіп отыратын әлеуметтік мақсаттар кепілдігін қамтамасыз ете алатын саяси институттардың беріктігі мен ұйымшылдығын айтты. Қатаң тәртіп қана нарық пен ұлттық бірлікке өтуді қамтамасыз ете алады. Сондықтан да модернизация жоғары орталықтандырылған саяси институттарды талап етеді, яғни, қоғамдық өзгерістер үшін ұйымдық құралдарды институттандыру қажет.

Модернизацияның мақсаты мен мәні-тек экономикалық өсу ғана емес, сонымен бірге элементтері әлеуметтік теңдік пен белгілі дәрежеде әлеуметтік үйлесімділіктің бар болуы болып табылатын әлеуметтік мәдениеттің нақты бір даму деңгейіне жету; азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, оларда бүгінгі күн мен болашаққа сенімділік беретін белгілі әлеуметтік кепілдіктің болуы; тұлғаның еркін дамуына шарт-жағдайлар; қазіргі қоғам оларсыз қызмет ете алмайтын құндылықтар мен идеалдардың әр нұсқалылығына қолдау көрсетіп тұратын саяси мәдениеттің барынша жоғарғы деңгейі.

Keң мағынасында, модернизация дегеніміз – дәстүрлі ұлттық (немесе постдәстүрлі) қоғам мен мемлекеттің қазіргі даму талаптарына сай жаңаруы мен жетілдірілуі, яғни дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға көшу үрдісі. Кез келген модернизация үрдісі жаңа құндылықтар жүйесімен, дінмен бірге, тұтас алғанда шаруашылықты дамыту философиясының жаңа менталитетін құрумен байланысты.

Дәстүрлі қоғам деп өмір салтының уақыт пен кеңістікте әдеттегі өмір салты мен дәстүрлі нормаларды тұрақты қайта құруға бейімдейтін өркениеттерді айтамыз. «Осындай қоғамда салт-дәстүрлер, әдеттер, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар өте тұрақты келеді, ал тұлға жалпы тәртіпке бағынып, оны сақтауға бейімделеді» [1, 13 б.]. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысында модернизация жолына түскен Жапония келесі ғасырдың басына қарай «жетекші дәстүрлі қоғамға» айналып, өзінің азиялық көршілерінен едәуір озық түсті [2, 756.].

Конфуцийшілдіктің қағидаттарына негізделген ертедегі Қытай, Жапония мен Корея өркениеттері – аса дәстүршіл. Онда корпоративтілік, топтық бірегейлік пен мемлекеттік патернализм орныққан; әлеуметтік тәртіпсіздік пен одан кез келген жолмен қашу ұмтылысы (қорқынышы) қоғамдық және ұлттық санада терең жатыр.

Әлемдік экономика халықаралық қатынастар институтының (ӘӘХҚИ РҒА) бас маманы, академик Г. Мирскойдың пікірінше, «өз бастауын содан алатын ұжымдық дәстүрлер мен авторитарлық бағыттар діни негізге негізделеді немесе діни дүниетаныммен тығыз байланысты» [3, 256 б.]. С.Хантингтон да өркениеттің кейпін анықтайтын діни фактордың маңыздылығын: «этникалық тегіне қарағанда дін адамдарды қатты бөледі» деп баса көрсетеді. Кез келген діни жүйенің өзегі оның философиясы мен этикалық мазмұны болғандықтан, «конфуцийшіл өркениет» ұғымына сүйене отырып, конфуцийшілдік философиялық-этикалық дәстүрі басым Қиыр Шығыс елдеріндегі шығыс-азиялық мәдени кешенді бағалауда осы тәсілді қолдануға әбден болады. Оның астарында Қиыр Шығыс аймағында пайда болған және Қытай, Корея, Жапония және Вьетнамды біріктіретін айрықша мәдени-тарихи типіне негізделген қазіргі өркениет кешені жатыр. Конфуцийшіл өркениетінің өзегі Шығыс Азия қоғамындағы өмірдің барлық саласын реттейтін айрықша философия, этика, саяси-мәдениеттен тұрады. Оның өзіне тән ерекшелігі – корпоративті әлеуметтік құрылым мен конфуцийшілдік дәстүрді жалғастыру.

Конфуцийшіл қоғамның саяси-мәдениетін айқындаушы биліктің тарихи-философиялық тұжырымдамасы болып табылады. Ол тіпті саяси модернизация қатысты соңғы ондаған жылдардың ішінде де мүлдем өзгеріске ұшыраған жоқ. Конфуцийшілдік дәстүрдің шеңберімен жүретін Жапон және Қытай қоғамы мемлекеттің рөлін айрықша үлгі ретінде қабылдайды: олар әуелден елді қорғауға, сондай-ақ әлеуметтік және саяси

өзара қарым-қатынасының оңтайлы түрін құруға бағытталған орталықтандырушы және ұйымдастырушы қызметтерін атқарады. Батыстың либералды үлгісінде мемлекетті қоғамдық мүдделерден тәуелсіз, социумға қызмет атқарады деп таныса, жапон мен қытайдың ұлттық психологиясы мемлекетті болмыс ретінде қарап, ал қоғамдық және жеке адамның парызы қуатты әрі тиімді жұмыс істейтін механизм құру мақсатында жоғары билікке қызмет атқару деп санайды. Елдің әрбір азаматы осы мүдделерге бағынады [4, 576.].

Конфуциандық мәдениетке ұстаз патрон-билеушіні құрмет тұту сәйкес келеді. Осыдан, көсем билігіне негізделген мемлекеттік құрылыс нұсқасы жалғыз ғана мүмкіндік екендігі туралы түсінік қалыптасты. Мемлекет пен қоғам күшті ұлт көшбасшысымен басқарылған жағдайда ғана күшейеді. Көшбасшының әлеуеті конфуциандық дәстүрмен құрметтелген мемлекеттегі орнымен анықталады. Егер ұлт мемлекет күшін қолдағысы келсе, онда ол өз басшысының толық билікті қолына алуына кедергі етпеуі керек: конфуциандық қоғамның бар потенциалы жеке басқару идеясына қызмет ету. Конфуциандық әлемнің саяси жүйесінің негізгі кілті әр кезде де монарх болды, (қазіргі таңда бұл жағдайды – КР президенті, ҚХР төрағасы немесе КХДР «сүйікті басшысы») оның билігі аспан еркін жүзеге асырушы ретінде қабылданады, сондықтан, оған халық өз еріктерімен, саналы түрде бағынуына тура келді. Еуропалық түсінік бойынша – бұл диктатура, бірақ конфуциандық әлемде көсемшілдік мемлекеттің ерекше рөлін авторитарлы тәртіпке негіздейді. Сонымен қоса, конфуциандық этика көшбасшыдан халыққа қамқор болуды, күнделікті басқаруда шешім шығаруға қажетті дұрыс пікір мен өнегелілікті талап етеді және оның жүріс-тұрысын ерекше этикалық нормалармен айқындайды. «Лайықты» басқарушысы бар, күшті, бірорталықтанған мемлекет туралы идея шығыс елдеріндегі барлық танымал идеологиялық және философиялық ағымдардың бөлінбес бөлшегі деуге болады. (4, 27 б.)

Осылайша, конфуциандық дәстүр мен демократиялық нормаларды ұштастыру үшін шығыс-азиялық қоғамға алдымен ұлт көшбасшысының моральдық тазалық пен жеке басының жауапкершілігі, жеке тұлға мен әлеуметтік аз қорғалғандардың құқығын сыйлау секілді факторларға ерекше назар аударулары тиіс. Азиялық адам құқығы концепциясы либералдық бостандыққа емес, керісінше экономикалық (жұмыс, әлеуетінің қажетті деңгейі, баспанасы), азамат-

тық (адамның қоғамдағы қауіпсіздігі) құқықтар мен негізгі өмірлік қажеттіліктеріне (экологиялық қауіпсіздік) көп көңіл бөледі.

Шығыс елдерінде қазіргі заманға көшу мүлдем экономикалық құндылықтар мен экономикалық ұтымдылықтың басымдығын білдірмейді. Мысалы, Жапония мен Қытайда әлі күнге дейін саяси құндылықтар экономикалық құндылықтардан басымдыққа ие, себебі олар постконфуцийшіл адамгершілік құндылықтарына негізделген [8, 215б.]. Жапония мен Қытайдағы діни-әлеуметтік жағдайлардың ұқсастығына қарамастан, жапон қоғамының басты құндылықтарының құрылымы Қытайдан біршама ерекшеленді. Қытайда конфуцийшілдік патернализм («ван дао»), ұлдың қамқорлығы («сяо»), адалдық («чжун») жүйелерінің тұрақтылығын қолдау ролін атқарады, яғни бұл мәдениеттердің кірігуі басында орын алды [5, 19 б.].

Мысалы, басқарудың постконфуцийшіл жүйесі әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерімен тікелей байланысты және бәсекеге қабілеттілікті ғана емес, сонымен бірге батыс құндылықтарынан бірқатар артықшылықтарын көрсетеді. Бұл өз кезегінде оларды батыс корпорацияларының зерттеу нысаны етіп отыр. Қазіргі таңда Шығыс елдері «куып жетуші» елдер емес, олар Батыстың «сын-қатерлеріне» жауап беріп қоймай, ақпараттық қоғамның әлемдік мәдениетіне өзіндік құндылықтарын әкелуде. «Куып жетуші» елдердің протестанттық этиканың тұрақты ішкі рухани негізінде жаңғырып отырған Еуропа мен Солтүстік Америкадан ерекшелігі олардың дамуындағы модернизация қоғамның ішкі қажеттіліктері негізінде емес, жаңа әлемдік болмыстар, сырттан келетін қауіп-қатерлердің алдында қорғаныс қабілеттілігін күшейту, өткен жылдардағы соғыс жеңілістеріне моральдық өтемақы алу, қуатты әрі дамыған елдердің алдында әл-ауқаты мен халықаралық мәртебесінің деңгейін көтеру шеңберінде өзін-өзі орнықтыруға ұмтылу негізінде үйлесімсіз жүріп жатыр» [6, 114 б.]. Кейбір батыс зерттеулерінің пікірінше, қазіргі әлемдегі адамзат үшін шығыс мәдениетінің әлеуеті – тұтынушы қоғамның моральдық құлдырауының қатеріне түскен бірден-бір балама.

Постиндустриалды әлемде шешілетін міндеттердің деңгейі көптеген адамдардың бірлестігі мен күш-жігерінің үйлесуін талап ететіндіктен, іс субъектісін жеке адамға емес, топқа айналдырады. Басқарудың жапондық үлгісі «бір отбасы – бір топ» қағидаты негізінде құрылады, ал өзара қарым-қатынаста бір іске жұмылдыруға, әріптестікке, бірлескен жұмыс нәтижелеріне

бәс тігіледі. «Жапон мәдениетіндегі корпоративизм үлкенді құрмет тұту, ата-аналарды, саяси көшбасшыны «дәріптеу» діни құндылықтарына негізделеді». Осы құрмет тұту жай адалдық шегінен шығып, жеке адамды корпорацияның өркендеуі үшін белсенді, жанкешті әрі мақсатты қызметке бейімдейді» [6, 115 б.].

Жапониядан гөрі Қытай модернизациясының ерекшелігі – Дэн Сяопиннің реформалары қазіргі Қытайдағы өмір шындығын қатаң ескеруге негізделген «социализмнің ұлттық үлгісі» ұранымен және ғылыми-этикалық саладағы ықпалдардың әсерінен мемлекеттің бағыттайтын және реттелетін сыртқы саясатына тәуелсіз жүргізілді. Бұл кезде Жапонияда модернизация үрдісі, керісінше американдық басқыншы биіктің бақылауымен жүрді. Сонымен бірге американдық басқыншы билік империялық дәстүрлерді сақтау жаңа ұлттық бірегейліктің басты бағыты мен мазмұнын атқарады деп санады.

Тағы бір айта кететін маңызды бір жайт, Дэн Сяопиннің ілімінде Қытайдың ұлттық мүддесі мен оның қауіпсіздік стратегиясын одан әрі дамытуға бағытталған көне қытайлық дәстүр көрініс береді.

Қазіргі таңдағы модернизация жетістіктерінің негізгі компоненттерін нақтыласақ, Шығыс Азияда конфуциандық дәстүрлі мәдениетке сәйкес қалыптасқан мемлекет пен қоғамдық құрылыстың негізі болған дәстүрлі иерархиялы қоғамдық құрылысты атауға болады.

Қытай мен Жапонияда әлеуметтік-саяси реттестіру иерархияға негізделген, билік мемлекеттік аппарат қолына шоғырланған, вертикалды үрдіс ретінде құрылады. Ал, батыста басқару түрлі институттар мен экономикалық, отбасылық және қоғамдық институттар арқылы жасалған бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады.

Шығыс қоғамдастықтарының модернизация дәстүрлі және қазіргі заманғы элементтердің өзара әрекеттесуі негізінде жүргізілді. Қазіргі қызмет түрлері мен құндылықты бейімделулер әлеуметтік өмірдің белгілі бір салаларында – экономика, қаржы, құқықтық реттеу, технология, т.б. салаларда ғана орын алды. Дәстүрлі салалар тұлғааралық қатынас, отбасы, дүниетаным мәселелерін реттеп, қоғамның рухани бірлігін қамтамасыз етті. Қоғамның дәстүрлі қағидаларының бұзылуы үнемі жаңғыру табысына әкеле бермейді. Бұл көбінесе елдегі жағдайды тұрақсыздандырып, жаңғыртудың өзіндік алғышарттарынан айрылуға әкеледі.

«Төрт кіші айдаһар» мен Қытайдың табысты жаңғыру тәжірибесі көрсеткеніндей, реформада-

ғы ең басты мәселе – дәстүрлі құрылымға кедергі келтірмей, батыс құндылықтары мен институттарының ықпалына бірден түспей, керісінше синтетикалық деңгейінің болуы шарт. Сондықтан «куып жетуші» елдердің батыс құндылықтарын (демократия, жекешілдік, өзімшілдік, тұтынушылық) жаңғыртуға табанды ұмтылуы табысқа әкелмейді, керісінше мәдениеттің құрылымдық тұтастығын бұзады, соның нәтижесінде қоғамдағы тұрақтылық бұзылады.

Бір сөзбен айтқанда, екі әлем де – конфуцийшілдік те, батыс та «түрлі жолдардың барын және қалыпты жағдай» екендігін мойындауы керек. (7, 55 б.) Өмір сүру сапасының түрлі деңгейде болуы

мен саяси мәдениетінің даму сатысының әртүрлілігі – тарихи үрдістегі толыққанды заңды және табиғи құбылыс. «Азиялық» және батыстық демократияның принципті әртүрлілігі тек либерализмге қатысты байқалады, өйткені азиялық концепция оны мүлдем жоққа шығармайды, оған дәстүрлі қоғам жағдайында өзгеше түсінік береді.

Жалпы қорыта келгенде Қытай мен Жапонияның тәжірибесі барынша қарқынмен алға жылжу үшін, елдің табысты модернизациялануы үшін батыстың шаруашылық мәдениетінің жекешілдік, бәсеке, т.б. секілді басымды атрибуттарының ықпалына түсу міндетті еместігін көрсетті.

Әдебиеттер

- 1 Моисеев Н.Н. Современный антропогенез и цивилизационные разломы: Эколого-политологический анализ // Вопросы философии. – 1995. – №1. – С.13-15.
- 2 Хорос В.Г. Модернизация в России и Японии (цивилизационные аспекты) // МЭИМО. – 1991. – №3. – С.74-80.
- 3 Авторитаризм и демократия в развивающихся странах. – М., 1996. – 350 с.
- 4 Толстокулаков И.А. Посттрадиционное общество Южной Кореи и проблемы политической модернизации // Известия Восточного института. – 2010. – №16. – С.54-70.
- 5 Бергер Я.М. Китайская модель развития и «Большой Китай» // Китай на пути к рынку: модель развития, демография, образование. – М.: ИНИОН РАН, 1996. – 134 с.
- 6 Борисов И.П. Концепция модернизации восточных обществ // Вестник ЯГУ. – 2008. – том 5. – №3. – С.114-115.
- 7 Калюжная Н.М. Проблемы социологии в трудах китайских просветителей (начало XX века). – М.: Институт востоковедения РАН, 2002. – 236 с.

References

- 1 Moyshev.N.N. Sovremennyi antropogenez I civilizatsionnye razlomyy: ekologo-politologicheskii analiz//Voprosy filosofii. – 1995. – №1. – P.13-15.
- 2 Horos V.G. Modernizatsiya v Rossii yi Yaponii (civilizatsionnye aspekty)// MEIMO. – 1991. – №3. – P. 74-80.
- 3 Avtoritarizm i demokratiya v razvivaiushihsy stranah. – M., 1996. – 350p.
- 4 Tolstokulakov I.A. Posttraditsionnye obshestvo Yiuzhnoy Koreii I problem politicheskoy modernizatsii// Izvestiya vostochnogo institute. – 2010. – №16. – P.54-70.
- 5 Berger Ya. M. Kitayskaya model razvitiya I <Bolshoy Kitay >//Kitay na puti k rynku: model razvitya, demograviya, obrazovaniye. – M.: INION RAN, 1996. –134 p.
- 6 Borisov I.P. Konceptiya modernizatsii vostochnyh obshestv // Vestnik YaGU. – 2008. – Tom 5. – №3. –P-114-115.
- 7 Kaliuzhnaya N.M. Problemy sociologii v trudah kitaiskih prosvitetelei (nachalo XX veka). – M.: Institut vostokovedenye RAN, 2002. – 236 p.